

Информационно-справочный материал по обзору о социально-экономическом развитии города Шымкент.

По поручению Главы государства в Шымкенте ведется работа по привлечению инвестиций путем открытия производственных предприятий, способствующих экономическому росту, развитию человеческого капитала и созданию благоприятной среды для жителей.

Развитие обрабатывающей промышленности как движущей силы экономического роста является главной задачей. Объем продукции, производимой в обрабатывающей промышленности, увеличился на 16,5% по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. За 3 года в промышленном секторе запущено 40 проектов на сумму 150 млрд тенге, создавших более 2,5 тыс. рабочих мест.

Для привлечения инвесторов и создания постоянных рабочих мест за счет развития промышленных зон в мегаполисе ведется работа по строительству 2 новых промышленных зон и расширению 3 зон. На данных территориях будут реализованы 300 инвестиционных проектов на сумму 900 млрд тенге, с созданием около 13 тыс. рабочих мест. Строительство двух промышленных зон уже завершено. В следующем году планируется завершить расширение существующего Торгово-логистического центра. Это обеспечит продовольственную безопасность в регионе и откроет новые возможности для бизнеса и торговли.

Привлечение инвестиций в регион является стратегической целью. При этом последовательно создаются благоприятные условия и ведется работа по поддержке инвесторов. За 3 года в экономику города было привлечено более 2 трлн тенге инвестиций, 75% из которых поступили от частных инвесторов. Среднегодовой темп роста составил 11%. Для устойчивого развития региональной экономики планируется привлечение 6,6 трлн тенге инвестиций в течение следующих 5 лет. Сформирован пул из 221 инвестиционного проекта общей стоимостью 4,6 трлн тенге. В рамках этих проектов будет создано более 29 тысяч новых рабочих мест.

В направлении развития нефтехимической промышленности планируется увеличить производственную мощность Шымкентского нефтеперерабатывающего завода с 6 млн тонн до 12 млн тонн к 2030 году.

Малый и средний бизнес является основной движущей силой устойчивого экономического развития и повышения благосостояния населения. В результате мер государственной поддержки бизнеса количество активно действующих малых и средних предприятий за последние 3 года увеличилось со 128 тысяч до 141 тысячи, число занятых превысило 250 тысяч.

Доля продукции, производимой малыми и средними предприятиями, в экономике города выросла с 41% до 58%. В этом году на меры

государственной поддержки предпринимательства выделено 20 млрд тенге и на сегодняшний день поддержан 1971 проект.

Ведется планомерная работа по повышению качества образования, развитию здравоохранения и спортивной инфраструктуры. Вопрос о трехсменных школах в образовании на сегодня полностью решен. В рамках нацпроекта ведено в эксплуатацию 12 школ на 17 300 мест. За счет бюджета построено 8 школ на 4145 мест,. За счет местного бюджета был проведен капитальный ремонт 10 школ и 1 детского сада.

Продолжается работа по пропаганде здорового образа жизни среди жителей города и расширению доступа к спортивной инфраструктуре. Введен в эксплуатацию двухмодульный спортивный комплекс. Также строится новый современный стадион международного уровня вместимостью 35 тыс. мест.

В секторе здравоохранения ведется комплексная работа по обеспечению населения высококачественной медицинской помощью. За 3 года открылось 14 новых медицинских учреждений, а средняя загрузка поликлиник снизилась с 25 тыс. до 21 тыс. Внедрена информационная система на основе искусственного интеллекта, которая автоматически анализирует информацию и позволяет на ранних стадиях выявлять злокачественные опухоли, заболевания легких и патологии сердечно-сосудистой системы. С помощью высокотехнологичной медицинской помощи проведено 1102 операции.

За счет местного бюджета были модернизированы две больницы, приобретено 40 дополнительных автомобилей для повышения качества услуг скорой медицинской помощи.

Қала тұрғындарының салауатты өмір салтын қалыптастыру және спорттық инфрақұрылымға қолжетімділікті арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жалғасуда. Жыл басынан бері қала спортшылары Қазақстан, Азия және Әлем чемпионаттарына қатысып, жалпы 827 алтын, 753 күміс, 793 қола медаль жеңіп алды. Спорт инфрақұрылымын дамытуда биыл Шымкент мұнай өңдеу зауытының әлеуметтік жауапкершілігі аясында 2 модульді спорт кешені пайдалануға берілді.

«Қазақстан халқына» қоғамдық қоры арқылы 2 модульді спорт кешені салынауда. Демеушілер есебінен орталық Қажымұқан стадионында қайта жөндеу жұмыстарымен бірге, халықаралық стандартқа сай келетін жеңіл атлетикаға арналған жүгіру жолақтары жасалынып, футбол алаңының табиғи газоны ауыстырылды. Осындай демеушілер есебінен қаламызда алғаш рет, тұрғындардың қысқы демалысын тиімді өткізу мақсатында 3 аумаққа 6 мың шаршы метр құрайтын ашық мұз айдындары салынды.

Президентіміздің тапсырмасына сәйкес халықаралық деңгейдегі 35 мың орындық заманауи жаңа стадионның құрылысы жүргізілуде. Биыл құрылыс жұмыстарын қарқынды жүргізу жоспарланған болатын. Алайда, нысанды орналастыру жобасы өзгеруіне және мердігер тарапынан уақтылы атқармауына байланысты жоспардан ауытқу орын алды. Бүгінгі таңда, мердігерге қатаң ескерту жасалып, құрылыс жұмыстары кестеге сәйкес жүргізілуде. Сонымен қатар, «Шымкент арена» және паралимпиада мен сурдлимпиада спорт түрлері бойынша арнайы орталық құрылысын келесі жылы бастауды жоспарлап отырмыз. Одан бөлек, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, келесі жылы «Опера және балет» театрының жаңа ғимаратының құрылысын бастайтын боламыз.

Денсаулық сақтау саласында халыққа сапалы медициналық көмек көрсету бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде. Соңғы 3 жылда жаңадан 14 медициналық мекеме ашылып, емханалардың орташа жүктемесі 25 мыңнан 21 мыңға дейін азайды. 13 Медициналық ақпараттарды автоматты түрде талдап, қатерлі ісіктерді, өкпе ауруларын, жүрек-қантамыр жүйесі патологияларын ерте анықтайтын «PACS Systems» жасанды интеллект ақпараттық жүйесі енгізілді. Жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету арқылы 1 102 операция жасалды. Оның ішінде, 310 кардиохирургия, 33 нейрохирургия, 1 жүрек және 14 бүйрек трансплантациясы жүзеге асырылды. Жергілікті бюджет есебінен 2 аурухана күрделі жөндеуден өтіп,

жедел жәрдем қызметінің сапасын көтеру мақсатында қосымша 40 арнайы автокөлік алынды.

Салада соңғы 3 жылда атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, медицина мекемелерінің материалдық-техникалық базасын жаңарту деңгейі 79 пайыздан 90 пайызға жетті. Шұғыл көмек көрсету қызметтеріне қолжетімділікті арттыру мақсатында биыл 3 шағын ауданда сервистік орталықтар салынды. Онда полиция, жедел жәрдем және өрт сөндіру қызметтері орналасқан. Келесі жылы 2 шағын ауданда салынатын болады. 14 Мемлекет басшысы өңірде 150 орындық оңалту орталығын және 200 орындық жаңа заманауи перзентхана салуды тапсырған болатын. Бүгінде заманауи үлгідегі 150 орындық оңалту орталығының құрылысы қарқынды жүргізілуде. 200 орындық жаңа заманауи перзентхана салуға 6,2 гектар жер телімі бөлініп, құжаттамалары әзірленді (Құны 48,8 млрд тг). Үкіметтің қолдауымен перзентхана құрылысын арнайы мемлекеттік қор есебінен салуды жоспарлап отырмыз. Әлеуметтік салада зейнеткерлер мен ардагерлерді қаланың мәдени өміріне белсене қатыстырып, рухани демалуына жағдай жасап келеміз. Өткен жылдан бастап қоғамдық көлікте тегін жүру жеңілдігі енгізілсе, биыл алғаш рет 36 мыңға жуық зейнеткерлерге 3 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржылай көмек көрсетілді.

Ардагерлерге арналған «Ізетті зейнеткер» сауықтыру кешені жаңа 120 орындық заманауи ғимаратқа көшірілді. Мұнда жылына 3 500-ге жуық зейнеткер 25 түрлі емдеу сауықтыру қызметін алады.

Қазіргі урбанизация қарқынды дамып жатқан кезеңде, мегаполис тұрғындарына қолайлы орта қалыптастыру өте маңызды бағыттарымыздың бірі болып табылады. Халықтың тұрмыстық сапасын жақсарту мақсатында инженерлік және жол инфрақұрылымын дамыту, баспанамен қамту, экологиялық таза жайлы орта құру бағытында жұмыстар атқарып келеміз.

Инженерлік инфрақұрылыммен қамтуда биыл Қызылжар-2, Ақжайық, Тұран шағын аудандарында 11 мыңға жуық халық ауыз сумен қамтылды. Демеушілер есебінен ұңғыма арқылы су ішіп отырған Текесу және Айкөл елді мекендеріне 32 шақырым су құбыры тартылып, орталықтандырылған ауыз су жүйесіне қостық. Сол сияқты, Қызылжар-2, Ақжайық, Азат, Тұран және Құрсай шағын аудандарындағы 13 мыңға жуық халық сапалы электр энергиясына қосылуда. 2019 жылдан бері құрылысы созылған «Ақжар» қосалқы станциясы пайдалануға берілді. Өңірдегі электр энергиясы тапшылығын азайту мақсатында «Қазығұрт» қосалқы станциясының қуаттылығын ұлғайтып, 40 мыңға жуық тұрғындар мен өндіріс орындарын үздіксіз электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалынды. 16 Сонымен қатар, Жұлдыз, Жалын, Қарабастау, Қызылжар-2, Достық, Алтынтөбе, Тассай және Тұран шағын аудандарында 25 мыңға жуық халық табиғи газбен қамтылды. Газ жүйелеріндегі ақауларды анықтайтын «Пергам» жылжымалы қондырғысы алынып, диагностика жүргізілген 107 шақырым

құбырлардан анықталған 67 ақау қалпына келтірілді. Нәтижесінде, қала тұрғындарының 99,9 пайызы ауыз сумен, 100 пайызы электр энергиясымен, 98 пайызы табиғи газбен қамтылды.

Дегенмен, өңірге инвестиция тартып, өндіріс орындарын ашу үшін инженерлік жүйелердің қуаттылықтарын арттыру қажет. Президентіміздің «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында монополист мекеме «Оңтүстік Жарық Транзит» компаниясы есебінен құны 26 млрд теңгеге «Қызылсу» қосалқы станциясын салу жоспарланып отыр.

Қаланың даму перспективасына сәйкес 6 қосалқы станция және 3 газ тарату станциясын салу қолға алынды. Жылумен қамтуда пилоттық жоба ретінде, акустикалық резонанс әдісі негізінде жасанды интеллект арқылы роботтық кешенді қолдана отырып, жылу құбырларына диагностика жүргізілді (Жүргізілгені 2,3 шақырым). 17 Бұл заманауи әдіс құбырларды дәлдікпен сканерлеу арқылы қауіпті учаскілерді анықтап, жөндеу шығындарын 75 пайызға дейін үнемдеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, Әкімшілік-іскерлік орталығындағы қазандықты модернизациялау жұмыстарын аяқтауды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба нормативтік жылу беру шығынын 24 пайыздан 9 пайызға дейін төмендетіп, 46 мыңнан астам абонентті сапалы жылумен қамтиды. Тұрғындарға қолайлы орта құрумен бірге, қала қауіпсіздігінде түнгі жарықтандыру мәселесі де өте маңызды. 2023 жылға дейін қаладағы жалпы 6 714 көшенің жыл сайын орташа 115 көшесі жарықтандырылып, қамту деңгейі 30 пайызды құраған. Соңғы екі жылда осы бағыттағы жұмыстарды 40 есеге ұлғайтып, 4 686 көше жарықтандырылды. Жыл соңына дейін қала көшелері 100 пайыз қамтылады.

Мемлекет басшысы жергілікті жолдардың 95 пайызын жақсартуды тапсырған болатын. Өздеріңіз білетіндей, былтырғы есебінде қаладағы көшелерді цифрлық паспортизациядан өткізіп, жол құрылысына бөлінетін қаржы көлемі едәуір ұлғайғанын атап өткен болатынмын. 18 Өткен жылы 270 шақырым жолға асфальт төселсе, биыл 1 000-нан астам шақырым асфальт салу жоспарланып, оның бүгінде 97 пайызы орындалды. Жыл соңына дейін қаладағы қоныстанған елді мекендер толығымен асфальт жолмен қамтылатын болады. Президентіміздің өңірге іс-сапары барысында берген тапсырмасына сәйкес, биыл А-2 айналма жолының негізгі бөліктері қайта құрудан өтіп, қала арқылы өтетін транзиттік көліктерге жағдай жасалатын болады.

Қаланың орталығын Ташкент – Алматы тас жолымен байланыстыратын Қонаев даңғылының жалғасын келесі жылы толық аяқтауды жоспарлап отырмыз. Сол сияқты, халыққа қажетті қаланың шығыс бөлігі мен орталығын байланыстыратын 2 ірі теміржол өткелінің құрылысы қарқынды жүргізілуде. Бүгінде Момынов көшесіндегі теміржол өткелінің құрылысы 95 пайызға аяқталып, жуық арада көлік қозғалысына толық жағдай жасалады.

Тіленшин көшесін келесі жылы іске қосатын боламыз. Сонымен қатар, Бәйдібек би және Төлеметов көшелерінің қиылысындағы жолайырығын салу жұмыстары басталды. Соңғы жылдары қала арқылы өтетін транзиттік жүк көліктерінің саны жылдан-жылға артып, жолдардың тез бұзылуына септігін тигізіп отыр. Сондықтан, қалаға кіретін 3 негізгі бағыттағы көшелерге артық жүк тиеген автокөліктерді автоматты түрде анықтайтын жүйені іске қостық. Келесі жылы қосымша 6 бағытқа орнату жоспарлануда. Президентіміздің әуежайды халықаралық заманауи мультимодальды хабқа айналдыру бойынша берген тапсырмасына сәйкес, әуежайдың жаңа ұшу-қону жолағын салу жұмыстары басталды.

Бұл жоба қаланың логистикалық мүмкіндіктерін арттырып, өңірлік хаб ретінде дамытуға серпін береді. Қала тұрғындарын баспанамен қамту басты назарда. Биыл 1 миллион 375 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру көзделуде. Оның қазіргі кезде 982 мың шаршы метрі пайдалануға берілді. Дегенмен, халық санының қарқынды өсуіне байланысты баспанаға деген қажеттілік артып, тұрғын үй кезегіндегі азаматтар саны 90 мыңнан асты. Биыл 3 808 пәтерлі 61 әлеуметтік тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп, жыл соңына дейін 2 574 пәтерлі 34 тұрғын үй пайдалануға беріледі. 20 Сонымен қатар, халықтың әлеуметтік осал топтарына 1 523 пәтер сатып алынуда. Жергілікті бюджет есебінен әлеуметтік көмек ретінде табыс деңгейі төмен 388 отбасыға тұрғын үй сертификаттары берілді. Реновация бағдарламасы аясында апатты деп танылған 12 үйдің иелеріне 120 жаңа пәтер табысталды. Айта кететін мәселе, биыл мемлекеттік бағдарламалар аясында Бозарық және Ақжайық шағын аудандарында құрылысы аяқталған 1 914 пәтерлі 54 тұрғын үйді «Отбасы банк» АҚ арқылы тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға несие арқылы үлестіру жоспарланған.

Алайда, «Отбасы банк» АҚ-ның айналым қаражаты болмауына байланысты, тұрғындарға үйлерді сатуға мүмкіндік болмады. Үкіметпен жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде, мәселе кезең-кезеңімен шешілуде. Бүгінгі таңда, 444 пәтерді кезектегі азаматтарға беруге конкурс жарияланды. Қалған пәтерлер келесі жылы берілетін болады.

Орындарын салып, тұрғындарға қолайлы орта құру бағытында қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Биыл жаңадан 45 сквер салынып, жалпы саны 90-ға жетті. Жасыл желек аумағын ұлғайтуда магистральды 27 көшеге 500 мың шаршы метр жаңа газон егіліп, автоматтандырылған суару жүйесі орнатылды.

Биыл жалпы қала аумағында 152 мыңнан астам ағаш отырғызылды. Қаламыздағы негізгі бұлақ көзі – Қошқар-ата өзенінің 3,5 шақырым жағалауы абаттандырылды. Сонымен қатар, қалада алғаш рет бұрыңғы «Көл» аймағында лазерлік жарық пен отты шоуы біріктірген және Шымкентсیتی саябағында бейнепроекциямен жабдықталған музыкалы фонтандар іске қосылды. Демеушілер есебінен микроклиматтық ахуалды жақсарту

мақсатынды жаңадан 16 фонтандар салынды. Қала орталығындағы ирригациялық арықтардан көптеген жылдар бойы су жүрмей, микроклимат бұзылған. Бұл климаты ыстық Шымқаламыз үшін маңызды мәселенің бірі. Биыл ұзындығы 85 шақырым болатын 13 магистральді жолдарда ирригациялық жүйелер арқылы су жүргізілді. Қалада ұзақ жылдан бері қоқыс полигоны болған бұрынғы 45 гектар жерге демеушілер есебінен «Экосаябақ» салу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұл аумақта көгалдандырумен бірге амфитеатр, фонтандары бар жасанды су қоймасы және спорт алаңы, жаяу жүргіншілер жолдары салынады. 22 Одан бөлек, қала тұрғындарына табиғат аясында жайлы демалыс ұйымдастыру үшін экологиялық туризмді дамытуға бағытталған «Omir Shymkent» инвестициялық жобасы іске асырылуда. Жоба бойынша «Бадам» су қоймасы жағалауында жалпы аумағы 53 гектар жерге глэмпинг, капсулалы қонақ үй, мейрамхана, бассейн салынып, ашық аспан астында концерттік іс-шаралар өткізіліп, туристік кластерді қалыптастыруда үлкен рөл атқаратын болады. Сонымен қатар, ұлт мәдениеті мен салт-дәстүрін және қаланың тарихын кеңінен таныстыратын «Шымқала» тарихимәдени кешен аумағындағы «Этноауыл» демеушілер есебінен қайта жаңғыртудан өтетін болады. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ Слайд № 14. Мемлекет басшысы еліміздің бәсекеге қабілетті, дамыған мемлекет болуы үшін жасанды интеллект пен цифрландыруды түбегейлі енгізіп, экономиканы жаңғырту қажет екендігін айқындап берді. Өңірде интернет сапасын жақсарту мақсатында соңғы 3 жылда 295 базалық станция орнатылып, 398 станция модернизациядан өтті. 23 Биылдан бастап «Қазақтелеком» акционерлік қоғамымен бірлесіп жасанды интеллектіні дамытуға бағытталған жобаларды іске асыруды қолға алдық. Атап айтсақ, денсаулық сақтау саласында медициналық көмектің сапасын арттырып, инсультті жылдам әрі дәл анықтауға мүмкіндік беретін – «Cerebra AI» жобасы (№2 қалалық ауруханаға енгізілді) және науқастарға нақты диагноз қойып, ем тағайындауға көмектесетін – «PULS AI» интеллектуалды ассистент жүйесін енгіздік (қаладағы 13 емханаға енгізілген). Өздеріңіз білетіндей, қазіргі таңда өңірлерде медициналық қызметкерлер кәсіби міндеттерін атқару кезінде физикалық және психологиялық қауіп-қатерлерге жиі ұшырауда. Осыған орай, медициналық қызметкерлердің қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, төтенше жағдайларда жедел әрекет етуге мүмкіндік беретін «Смарт-бейнежетон» пилоттық жобасын іске қостық (биыл - 10 дана, 2026 жылы - 135 дана). Білім саласында оқушыларға робототехника бағдарламасын оқытуға бағытталған «RoboPark.kz» қосымша білім беру орталығы ашылды. Одан басқа, дрондардың бірыңғай инфрақұрылымы пилоттық жобасы іске қосылды. Бұл жоба қала аумағындағы стратегиялық нысандарды бақылап, заңсыз құрылыс пен жер иемденуді және заңсыз қоқыс алаңдарын анықтап, төтенше жағдайларда жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. 24 Жол саласында көлік ағымын реттеп, кептелісті азайту мақсатында 331 жол қиылысындағы

бағдарламаны заманауи интеллектуалды жүйеге қосылды («Ақылды көлік жүйесі»). Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде биыл 4 425 бейнебақылау камерасы орнатылды. Оның ішінде, 350 камера бейнеталдау функциясын атқарады. Президентіміздің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес қоғам мен билік арасында ашық диалог орнату үшін тұрақты түрде азаматтарды жеке қабылдап, әр аудандарда көшпелі кездесулер ұйымдастырып келеміз. Халықпен кездесу барысында қала болашағына бей-жай қарамайтын тұрғындардан көптеген ұсыныстар түсіп жатады. Осы ретте, қаланың дамуына тұрғындар белсене араласатын арнайы жобаны іске қостық. Енді әр азамат қоғамдық орындар мен көліктерде QR-код арқылы өз идеяларын ұсына алады.